

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 желтоқсан N 1917

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 10 маусымда Алматыда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрі  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан  
Республикасы Үкіметінің арасындағы мұнай машина жасау  
саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы  
Келісім\*

\*(2001 жылғы 1 ақпанда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары  
бюллетені, 2002 ж., N 1, 3-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,  
екіжақты өзара пайдалы экономикалық байланыстарды кеңейтуге  
тілек білдіре отырып,

шикізат базасын тиімді пайдалануда, ынтымақтастықтың жаңа нысандарын  
ұйымдастыруда және шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы нарықтық  
қарым-қатынастарды жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасауда өзара мүдделілікті  
тани отырып,

экономиканың негізін салушы салалардың бірі ретінде мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына ерекше маңыз бере отырып және бүкіл аймақтың болашағы үшін оның маңызын түсіне отырып,

мұнай машина жасау өзара кіріккенін және мұнай-газ саласын дамытудың базасы болып табылатынын ескере отырып,  
мына төмендегілер жөнінде келісті:

#### 1-бап

Тараптар бұрынғы байланыстарды сақтау және мұнай-газ кешенін мұнай машина жасау өнімдерімен материалдық-техникалық жабдықтау аясында оларды одан әрі дамыту мақсатында мұнай кәсіпшілігі мен бұрғылау жабдықтарының аса маңызды түрлерінің өндірісін құруды ұйымдастыруда, скважиналарға сервистік қызмет көрсететін, беріліп отыратын жабдықтарды жөндейтін және оларды қосалқы бөлшектермен жинақтайтын бірлескен кәсіпорындар, сондай-ақ мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарын сату жөніндегі базаларды құруда күш-жігерін біріктіреді.

#### 2-бап

Тараптар шаруашылық жүргізуші субъектілерге мұнай-газ жабдықтарын, қосалқы бөлшектер мен материалдарды беріп отыру, сондай-ақ мұнай-газ саласы кәсіпорындарының негізгі қызметімен байланысты отын-энергетика ресурстарын, басқа да тауарлар мен қызмет көрсетулерді өзара беріп отыру жөніндегі шарттарды ( келісім-шарттарды) орындаумен байланысты өздеріне алған міндеттемелерін орындауда жан-жақты жәрдемдеседі.

#### 3-бап

Тараптар шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара пайдалы ынтымақтастықтың тиімділігі көтеру мүддесінде мұнай машина жасау кәсіпорындары әзірлеген және өндірілетін өнімдерінің тізбелерімен, сондай-ақ көрсететін қызметтердің негізгі түрлерімен ұдайы алмасатын болады.

Төлем-есеп айырысу және басқа да қаржылық операциялар Тараптардың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізілетін болады.

#### 4-бап

Тараптар интеграциялық байланыстарды одан әрі тереңдету, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту және мұнай-газ өнеркәсібінде жаңа технологияларды енгізу мақсатында ұлттық энергетикалық бағдарламаларды әзірлеу кезінде бірлескен консультациялар өткізетін болады.

#### 5-бап

Тараптар мұнай-газ жабдықтарын әзірлеу, беру және пайдалану кезінде халықаралық экологиялық стандарттарға қол жеткізетін бірыңғай методологиялық тәсілдердің негізінде қажетті шаралар қабылдайтын болады.

#### 6-бап

Тараптар экономикалық өзара байланыстарды күшейту үшін мұнай-газ компанияларын өз аумақтарында өткізілетін тендерлерге, көрмелерге, жәрмеңкелерге қатысуға шақыратын болады.

#### 7-бап

Осы Келісімді орындау үшін:

Қазақстан Республикасынан - Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;

Әзірбайжан Республикасынан - "Азнефтехиммаш" мемлекеттік компаниясы  
Тараптардың құзыретті органдары болып табылады.

#### 8-бап

Тараптар осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындауы мүмкін барлық даулы мәселелерді келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

#### 9-бап

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізуі мүмкін, олар тиісті хаттамалармен ресімделеді.

#### 10-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және Тараптардың бірі тиісті кезең аяқталғаннан кемінде алты ай бұрын екінші Тарапты оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде хабардар еткенге дейін келесі бесжылдық кезеңдерге өз-өзінен түрде ұзартылатын болады.

## 11-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті тиісті мемлекеттік ішілік рәсімдерді орындағанын растап соңғы жазбаша хабарлама түскен күннен бастап күшіне енеді.

Алматыда 1997 жылғы 10 маусымда, әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтін анықтамалық мәтін болып табылады.

Қазақстан Республикасының                      Әзірбайжан Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Икебаева А.Ж.